

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Премьер-Министрінің орынбасарлары және Премьер-Министр Кеңсесінің Басшысы арасында міндеттерді бөлу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 31 қаңтардағы N 139 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 13 маусымдағы N 641 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 13.06.2002 N 641 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Премьер-Министрінің орынбасарлары және Премьер-Министр Кеңсесінің Басшысы арасында міндеттерді бөлу бекітілсін.
2. "Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Премьер-Министрінің орынбасарлары және Премьер-Министр Кеңсесінің Басшысы арасында міндеттерді бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 3 желтоқсандағы N 1558 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 31 қаңтардағы
N 139 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі,
Премьер-Министрінің орынбасарлары және
Премьер-Министр Кеңсесінің Басшысы арасында
МІНДЕТТЕРДІ БӨЛУ

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі
И.Н.Тасмағамбетов

Үкіметтің қызметіне басшылық жасау.

Қазақстан Республикасының Президентімен, сондай-ақ Парламентпен, Конституциялық Кеңеспен, Жоғарғы Сотпен, Бас прокуратурамен және басқа да конституциялық органдармен қатынастарда Үкіметтің атынан өкілдік ету.

Мемлекетаралық қатынастар мен халықаралық ынтымақтастық мәселелері.

Үкіметтің заң шығару қызметін үйлестіру.

Мемлекеттік функциялар мен бюджетаралық қатынастарды

орталықсыздандыру мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияға басшылық жасау.

Қорғаныс, шетелдік инвестицияларды тарту, экспорттық бақылау, мәдениет, ұлтаралық қатынастарды дамыту, мемлекеттік материалдық резервтер, төтенше жағдайлар мәселелері.

Үкіметтің кадр мәселелері.

Сыртқы істер министрлігінің, Қорғаныс министрлігінің, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің, Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттіктің, Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттіктің қызметін жалпы бақылау.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары

К.Қ.Мәсімов

Экономиканы жедел басқару, аймақтық саясат мәселелері.

Мемлекеттік органдардың өндірістік сала мен инфрақұрылымды (өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, агроөнеркәсіп кешені мен құрылысты, шағын және орта кәсіпкерлікті, көлік пен коммуникацияларды, энергетика секторы мен тау-кен кешенін) дамыту мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіру.

Мемлекеттік органдарды ақпараттандыру мәселелері.

Экология, табиғи ресурстарды пайдалану, геология, жер қойнауын пайдалану және жер қойнауын сақтау мәселелері.

"Байқоңыр" ғарыш айлағының мәселелері.

Экономикалық саясат жөніндегі кеңестің жұмысына басшылық жасау.

ТМД елдерімен және олардың ықпалдастық бірлестіктерімен өзара қатынастарды үйлестіру.

Астана қаласы жаңа орталығының құрылысын салу жөніндегі мемлекеттік комиссияға басшылық жасау.

Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің, Ауыл шаруашылығы министрлігінің, Көлік және коммуникациялар министрлігінің, Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің, Экономика және сауда министрлігінің (өнеркәсіптік дамыту мәселелері бойынша), Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттіктің, Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттіктің қызметін жалпы бақылауды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары
Б.Ә.Мұхамеджанов

Құқық қорғау органдарының қызметін үйлестіру.
Мемлекеттік функцияларды орталықсыздандыру мәселелері.

Мемлекеттік органдардың әлеуметтік, білім беру, ғылым, денсаулық сақтау, спорт пен туризм мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіру.
Көші-қон және демографиялық саясат, әлеуметтік әріптестік мәселелері.
Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссияның мәселелері.
Қазақстан Республикасында Денсаулық жылын өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссияға басшылық жасау.
Ішкі істер министрлігінің, Әділет министрлігінің, Білім және ғылым министрлігінің, Денсаулық сақтау министрлігінің, Қаржы полициясы агенттігінің, Көші-қон және демография жөніндегі агенттіктің, Туризм және спорт жөніндегі агенттіктің қызметін жалпы бақылауды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
орынбасары - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі
А.С.Павлов

Экономикалық даму, қаржы, салық және тариф саясаты, бюджетаралық қатынастарды жетілдіру мәселелері.

Үкіметтің Ұлттық Банкпен, халықаралық қаржы және экономикалық ұйымдармен өзара іс-қимылдарын қамтамасыз ету.

Қазақстанның Даму банкінің қызметін үйлестіру.

Қаржы министрлігінің қызметіне басшылық жасау.

Мемлекеттік кіріс министрлігінің, Экономика және сауда

министрлігінің, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, Статистика жөніндегі агенттіктің, Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттіктің (тариф саясаты бөлігінде) қызметін жалпы бақылауды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі
Кеңсесінің Басшысы
А.А.Тілеубердин

Үкіметтің шешімдерін дайындау және олардың орындалуын ұйымдастыру, мемлекеттік және орындаушылық тәртіпті қамтамасыз ету бөлігінде орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ведомстволардың қызметін үйлестіру.

Үкіметтің кадр саясатын іске асыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру.

Үкіметтің аймақтық саясатын іске асыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, Үкіметтің облыстар әкімдерімен жұмыстағы өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.

Премьер-Министр Кеңсесінің Президент Әкімшілігімен және Парламент палаталарының аппараттарымен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.

Мемлекеттік құпияларды қорғау мәселелері.

Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттіктің қызметін жалпы бақылауды жүзеге асырады.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.